

Ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарына түгендеу жүргізу туралы.

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 161/4 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 31 мамырда N 3029 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 07 қазандағы N 235/16 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2010.10.07 N 235/16 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 27-бабы 1-тармағының 3, 12-тармақшалары мен 2-тармағына сәйкес, ұжымдық және жеке қорғану құралдарын сақтау және оларды даярлық жағдайында ұстау мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Павлодар облысы жұмылдыру даярлығы және төтенше жағдайлар департаменті Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Павлодар облысы төтенше жағдайлар департаментімен (келісім бойынша), сондай-ақ облыс қалалары әкімдерімен бірлесіп 2005 жылғы 1 шілдеге дейін:

1, 2-қосымшаларға сәйкес тиісті актілерді толтыра отырып ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарына түгендеу жүргізісін;

қорғаныс құрылымдары бар кәсіпорындар мен ұйымдардың меншік нысандарын көрсете отырып қорғаныс құрылымдарының есептік деректеріне **т ү з е т у л е р е н г і з с і н ;**

қорғаныс құрылымдары бар кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің бастықтарымен паналаушыларды қабылдауға паналау ғимараттары даярлығын қолдау және оны даярлық деңгейін төмендетпей шаруашылық бағытта пайдалану **ма қ с а т ы н д а о қ у л а р ө т к і з с і н ;**

кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің бастықтарымен сақталған қолхаттарына сәйкес, жеке қорғану құралдарын сақтау жөнінде оқулар жүргізісін;

Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте қорғаныс ғимараттарын ұстаушы және пайдалануға беруші кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің бастықтарына олардың мақсатты жұмсалуды сақтаусыз тиісті **ш а р а л а р қ о л д а н с ы н .**

2. Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті (келісім бойынша), облыс қаржы департаменті, қалалар әкімдері:

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының сөзсіз орындалуын қамтамасыз етсін;
қорғаныс құрылымдары бар шаруашылық объектілерінің меншік нысандары және иелері өзгерген кезде, сатып алу-сату шартында немесе басқадай ресімделген құжатта міндетті түрде паналау ғимараттары мен Азаматтық қорғаныстың басқа да мүліктерін сақтау және пайдалану тәртібіне жауапкершілікті атап көрсетсін.

3. Ұжымдық қорғаныс құралдарына түгендеу жүргізу нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігіне: қараусыз қалған (қалпына келтіруге келмейтін), су басып қалған қорғаныс құрылымдарын есептен шығару;
пайдаланылусыз тұрған қорғаныс құрылымдарын радиациядан қорғайтын паналау орнына айналдыру жөнінде ұсыныстар дайындасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.Ф. Вербнякқа жүктелсін.

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Келісілді:

*Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар жөніндегі
Министрлігі Павлодар облысы
төтенше жағдайлар жөніндегі
департаментінің бастығы А. Садықов*

*Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
Павлодар аумақтық комитетінің
төрағасы М. Жұмабаев*

Павлодар облысы әкімінің
2005 жылғы 28 сәуірдегі
"Ұжымдық және жеке қорғаныс
құралдарына түгендеу жүргізу
туралы" N 161/4 қаулысына

1-қосымша

200 _ ж "

" _____

№ _____ қорғаныс құрылымының жағдайын зерттеу жөніндегі
АКТ

Комиссия

құрамында:

төраға _____

мүшелері: _____

(қорғаныс құрылымының бар кәсіпорын (ұйым) бастығының Т.А.Ә.)

орналасқан _____ адам сиятын _____ сыныптың паналау ғимараты (жеке тұрған баспана, кіріктірмелі баспана) жағдайына 200_ ж _____ тексеру жүргізіп, осы актіні жасады. Тексеру нәтижесінде ауыл шаруашылығы мүддесін ұстау, пайдалану мәселесі бойынша мынадай кемшіліктер анықталды (анықталмады).

1. Ауа жібермейтін есіктер мен жақтаулар (есік пен жақтаулар арасындағы саңылаулар) ауа жібермейтін резиналар, "жабылды" және "ашылды" деген көрсетулері бар механикалық жетектерінің болу жағдайы _____

2. Құрылыс құрастырмаларының (қабырғадан су ағу, тесік, ойылып түсу, төбе, еден) жағдайы _____

3. Негізгі және запасты шығыстарда ауа жинау каналдары (жалюзды торлар болу, қоқыстар мен өзге де нәрселер болмау) жағдайы _____

4. Паналау ғимараты бетінің тегістік жағдайы (шұңқыр болмау, шайылып кетпеу, құйма қалыңдығы 1 метр болу) _____

5. Паналау ғимаратына кіру жолдары (асфальтті жол болу) _____

6. Желдеткіш жүйесі:

1) ауа жолдары жағдайы және олардың түсі (сүзгі- желдеткіш - сары түсті, таза желдеткіш - ақ түсті, ауаны бастапқы қалпына келтіру-қызыл түсті) _____

2) ауа өткізбейтін клапандар жұмысы (тұтқаның бос бұралуы. АөК нөмірлеу, үстін майлау) _____

3) клапандарда люкорналастырушы болу _____

4) электрлі қол желдеткіш пен өндірістік желдеткіштер жұмысы (желдеткіштердің паспорты, сипаттамасы, олардың нөмірі,

агрегаттарды майлауы, амартизация қондырғысы болуы) _____

5) сүзгі-сорғыш ФП-100 (200,300) регенаторлы патрондар РП болуы, олардың ахуалы, завод белгісі, ағашта орнатылған қондырғы биіктігі 10 см, ауажағдайы бойынша дұрыс орнатылуы (жоғары қысымды банка төменде, төмен қысымды жоғарыда орналасқан), таттың болмауы және желдеткіштер мен патрондар майыстырылмауы _____

6) торлы сүзгіш жағдайы "ФЯР (таттың болмауы және тор сүзгіш маймен майлануы) _____

7) әр түрлі кесте бойынша жұмыс тәртібі туралы нұсқаулықпен желдеткіш жүйесінің болуы _____

7. Су арнасы жүйесі:

1) санфаянстің болуы, қозғаушы құралының дұрыстығы, шырақтар үшін резервуардың ауа жібермеушілігі) _____

2) паналау ғимаратында жұмыс істеу тәртібі жазылған су арнасы жүйесінің болуы _____

8. Сумен қамту жүйесі (су асты көлігі болу, апат болғанда запас су резервуары болу, сумен қамту жүйесі және осы сумен қамту жүйесінің жұмыс кестесі болу) _____

9. Дизельді электр станциясы (құжаты, паспорты, сүзгіші, жұмыс істеу тәртібі және қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтың болуы, электр жарығын тоқтатып дизель-генератор жұмысын тексеру) _____

10. Қорғаушы секциялардың бірыңғайлылығы (МЗС, УЗС), олардың техникалық жағдайы, таттың болмауы, жалюзды торлардың кірдіксіз қозғалуы және олардың дұрыс орнатылуы (жалюзды торлар толқын ағысы ықпал ететін жағына қарай орнатылуға тиісті) _____

11. Жоғарғы қысымды клапандардың орналасуы (КИД-100, 150)

12. Паналау ғимаратын жарықтандыру (шам, лампаның болуы, шам қосқыштың дұрыс болуы) _____

13. Апаттық жарықтандырудың болуы (керосинді шам, фонар немесе тұрмыстық корпусы әкімшілігінен жарық беру) _____

14. Ғимараттың сыртқы түрі (сырлау, майлау, тазалық) _____

15. Нарлардың болуы _____

16. Паналау ғимаратының құжаттамасы (нұсқаулыққа сәйкес) _____

17. Қажетті құралдардың болуы _____

18. Медпункт немесе санитар.орынның болуы _____

19. Азық-түлік өнімдері қорының болуы _____

20. Аспап (ХБәА, ДА-5В, парометрартқышы, газдыполизатор, психометр) болуы _____

21. Паналайтын ғимаратта белгіленген ауаны ұстау _____

22. Паналау ғимаратын ауыл шаруашылығы мүддесіне пайдалану _____

23. Есіктерде кілттердің орны туралы кестенің болуы _____

ТҮЙІН: _____

паналау орны паналаушылар қабылдауға _____

ҰСЫНЫСТАР: _____

Қол қоюшылар: Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

Актімен танысты: _____

қорғаныс құрылымдары бар кәсіпорын (ұйым) батықтарының қолы)

Павлодар облысы әкімінің
2005 жылғы 28 сәуірдегі
"Ұжымдық және жеке қорғаныс
құралдарына түгендеу жүргізу
туралы" N 161/4 қаулысына

2-қосымша

АКТ

200__ жылғы "___" _____

қала, аудан, ау/округі

Комиссия құрамында: төрағасы _____

комиссия мүшелері: _____

Облыс әкімінің 2005 жылғы "___" _____ "Ұжымдық және жеке
қорғаныс құралдарына түгендеу жүргізу туралы" қаулысы негізінде
материалдық құндылықтардың (жеке қорғану құралдары) болу, сапасы,
сақталу жағдайына, сондай-ақ оның мақсатты жұмсалу сәйкестігіне
з е р т т е у л е р жү р г і з і п :

1. Жиыны _____ газтұмылдырық
(объектінің атауы)

бар _____
(газтұмылдырықтар маркасы, саны)

2. Газтұмылдырықтар сақталатын жер _____

3. Газтұмылдырықтардың жай-күйі _____

4. Газтұмылдырықтарды сақтау шаралары _____

5. Газтұмылдырықтарды сақтауға жауапты тұлға _____

Зерттеу барысындағы комиссияның шешімі _____

Қолдары: Комиссия төрағасы: _____
Комиссия мүшелері: _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК